



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

egoistic tinge in the meaning:

“Then I’ve a string of brothers – I’m the youngest – but they never helped nobody. They’ve just knocked around over the world, lookin’ out for **number one**. The oldest died in India.” (J.London)

“Take myself – I choose that example because after all, number one is what I know most about.”

Some slang expressions are euphemisms. Many older people use euphemisms for bodily functions, e.g. **spend a penny**, **powder your nose**, and **visit the bath-room**, meaning “to go the toilet.” Some common serious diseases have slang names which are lighter in tone than the formal name, e.g. **the big C** for *cancer*. Somebody with a *bad heart* has **a dicky ticker**. People use expressions like **pass away** or **pop your clogs** to refer to *dying*. In business, some companies, instead of *sacking* or *firing an employee*, may speak of **letting them go** or (AmE) **dehiring them**. Job titles can make a job sound more important than it is. In the US a person who takes away rubbish used to be called a *garbage man*, but now may be called **a sanitary engineer**.

The reader is expected to bear in mind the intentional character of stylistic degradation effected by slang words and phrases. The same is true, as we remember, with regard to jargon words and phrases. But here, a problem is exposed to our view at once: intentional and unintentional degradation, how can we tell them apart? To a degree, everything seems to be a matter of taste here, a matter of individual experience. The only efficient way of differentiating the two varieties of degradation, which implies separating slang or jargon words from colloquial ones, was suggested by I.V.Arnold and E.S.Azhaurova. This is explanatory transformation of word definitions [4,70].

For instance, what is a **fin** in slang? Its primarily literal meaning is “плавник(рыбы)” Its meaning as slang word is “hand.” The explanatory transformation reads: fin is not a kind of hand, but a humorous or contemptuous way of talking about a hand. Similarity: **skirt** is not a kind of *girl*, but a contemptuous way of talking about a girl; **tootsie** is not a kind of *woman*, but an endearing way of talking about a woman. Compare: **chap** is not a kind of *man*, but an informal way of talking about a man. The same attribute “informal” will be used in the definitions of the colloquial words **chunk**, **baccy**, **feller**, etc. Of course, the question whether we are dealing with merely “informal,” or with “familiar” or “humorous,” even derogatory manner can be more or less adequately answered only by native speakers [4,70].

The obscure etymology of the term slang affects its use as a stylistic notation. Whenever the notation appears in a dictionary it may serve, as an indication that the unit presented is non- literary, but not pinpointed. That is the reason why the various dictionaries disagree in the use of this term when applied as a stylistic notation [1,97].

References

1. Galperin I.R. Stylistics. – Moscow: Higher Education Publishing House, 1971. – p. 96-102.
2. Guide to British and American Culture. / Ed.Crowther J. / – Oxford University Press, 1999 – p. 494-495.
3. (The) World Book Encyclopedia. – USA, Chicago: World Book, Inc. A Scott Fetzer Company, 1994. – S-Sn Volume 17 – p. 499-500.
4. Скребнёв Ю.М. Основы стилистики английского языка. – Москва: Астрель, 2003. – с. 68-70.

7.6. КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ

ӨОЖ 811.581'37

ҚЫТАЙ ТІЛІНІҢ ДАҒДЫЛЫ СӨЗДЕРІ (汉语惯用语)

Тілтанудың күрделі мәселелері осы салада көптеп кездеседі. Солардың ішінде кейде мән бере бермейтін, бірақ бәріміздің де білуіміз қажет, ал тіл мамандары үшін міндетті күрделі мәселенің бірі – «тіл байлығы», сөз қазынасы деп нені айтамыз? » деген сауалға берілер жауап. Бұл мәселені әркім өзінше түсініп, оған байлам айтатын сияқты. «Толғауы тоқсан қызыл тіл»деп марапаттағанда біз көбінесе тілдегі сөздер санын,айтылатын ой-пікірімізді жан-жақты түсіндіруге қажетті сөздердің одан табылуын ескереміз. Бірақ қытай тілінің қорында қанша сөз барлығын және оның қандай бұлақтардан қайнар көзінен нәр алып, толассыз толығып , байып отыратын баршамыз біле бермейміз.

Сөз ең басты, әрі негізгі элемент. Сондықтан да сөздің тіл үшін мәні өте зор. Алайда тіл сөзге қаншама бай болса да, олар жеке-дара тұрып, тілдің ең басты міндеті адамдардың өзара қатынасуына қажетті коммуникативті, эстетикалық, аккумулятивті қызметтерін толық атқара алмайды. Оны атқару үшін лексикамыздағы барша сөздер белгілі заңдылықты өзара тіркесе қолданылуы тиіс. Қытай тіліндегі «дағдылы сөздер» деген проблема міне, осы құбылысты зерттеуден пайда болып тұр.

Демек, тілдің өзіндік табиғи ерекшелігі жеке сөздердің саны мен сапасына ғана емес, сонымен қатар олардың өзара жымдаса байланысып, тіркесе қолдануына да байланысты екен. Сондықтан да бұл , қытай тіліндегі «дағдылы сөздер» бүгінде өзекті проблема болып саналады.

Қытай тілі білімінде «дағдылы сөздерді» ғалымдар көптен бері зерттеп келе жатқан жоқ. Сондықтан, «дағдылы сөздердің» табиғаты, сыртқы тұлғалық сипаты (синтаксис) және ішкі мағыналық (семантикалық) сыры, көркемдік нақышы мен бейнелеуі толық айқындайды деп айта алмаймыз .

Тілді оқыту кезінде, лексика – сөздік қорының негізгі және басты материалы болып табылады, және негізгі сөз таптарын құрайды. Лексиканы қолдану барысында осы қолданушының тіл қабілетін көрсетеді. Лексика білімінің деңгейі өте маңызды аспект .

Қытай тілін, шет тілі ретінде оқыту барысында «дағдылы сөздерді» назарсыз қалдыруға болмайды. Дағдылы сөздер қытай сөздік қорының ең айқын бөлігі болып келеді.

Қытайдың тарихи-этимологиялық тұрғысынан алып қарағанда , қытай тілінің «дағдылы сөздері» қытай-ұлттық мәдениетінің жемісі және Хань ұлтының салт-дәстүрлерімен тығыз байланысқан.

Қытай тілінің лексикалық ерекшеліктерін жан-жақты және өзара байланысты түрде қарастырылады. Мәселен, тіл білімінің үлкен саласы лексикалогиялық негізгі объектісі – сөз десек, тілдегі сөз тағдыры мен қыр-сырының өзін алуан түрлі жағынан: сөз мағынасы, сөз мағынасының ақиқат шындыққа қатысы, сөз мағыналарының контекстуалдық шектестігі мен шендестігі, семантика–фразеологиялық байланыстары, сөздердің сөйлеу контексіне, стилистикалық сипаттарына қарай байланысты айқындап, саралау керек болады .

Қытай тілінің қазіргі сөз байлығы – ұрпақтан –ұрпаққа өтіп, бірден –бірге ауысып, бүгінгі дәуірге дейін келіп жеткен мол қазына, асыл мұра. Әр халық лексикасы –сол халықтың басынан кешкен ұзақ сонар тарихының, саяси-әлеуметтік өмірінің тұрмыс-салты, күнкөріс тіршілігінің тілде қалдырған ізі. Қытай тілінің лексикасы үнемі даму процесінде болады. Көне заманнан бермен қарай қолданып келе жатқан көнерген сөздер бұрынғы үйреншікті мағыналарына қосымша үстеме мағыналар қосып алып, қолдану өрісін кеңейте түседі, жаңа міндет атқарып, жаңа мағына білдіріп, әдеби тіл сөздігіне қайтадан еніп, активті лексикада қолданып жүрген дағдылы сөздерде аз емес.

Әдетте, тілдің сөздік қорын актив және пассив лексика деп, екіге бөлінеді. Бұлайша топтау, біріншіден, тіл стильдеріне қатысты болса, екіншіден, тілдегі сөздердің қолдануы

жиілігі не сиректігіне байланысты болып келеді.

Сонымен дағдылы сөз дегеніміз күнделікті әлеуметтік қажеттілігі мол, қарым-қатынас жасауда жиі қолданылатын, ауыз әдебиетінде қалыптасып дәстүрге айналған, тұрақталған сөздерді дағдылы сөздер деп айтамыз.

Қытай тілінің даму қарқыны туралы мәселе де мәселердің бірі болып саналады. Бұл мәселе жайында 胡裕树 (húyùshù) дың «现代汉语» - (xiàndài hànyǔ) қазіргі заман қытай тілі деген еңбегінде айқын қарастырылған болатын. Қытай тілінің негізгі элементтерін өрістетуге, жетілдіру жолымен болатындығы, ал тілдің бір сападан екінші сапаға көшуі жарылу жолымен де, бірден ескіні жойып, жаңаны орнату жолымен де емес, тілдің жаңа сапасы мен құрылымының элементтерін бірте-бірте дамыту жолымен болатындығы, бүтіндей тілдің эволюция жолымен дамитындығы дәлелденді.

Дағдылы сөздер сөйлеу тілінде де, жазу тілінде де көп қолданылатын құбылыс материалы. Дағдылы сөздер қай-қайсысын болмасын бәрі де алғаш халықтың сөйлеу тілі негізінде қолданылған. Сондықтан олар өмірдің барлық саласын қамтып, ішкі мазмұны жағынан өте бай болады.

Тіл – мәдениеттің қайнар көзі. Өйткені, ол - мәдениеттің құрастырушы бір бөлігі, сонымен қатар, тіл - мәдениетті танытудағы негізгі құрал, себебі біз ол арқылы мәдениетті меңгереміз. Тіл мәдениеттің жалпы сипатын танытады. Бүгінде әлем Шығыс өркениетін мойындай бастады. Әсіресе егемендігін алған мемлекетіміздің өзін-өзі тануында шығыстану ғылымының маңызы орасан зор. Қытай тілі дүниежүзіндегі кеңінен таралған тілдің бірі болып табылады. Бұл тілде миллиардтан астам Қытай халқының кем дегенде 90% сөйлейді, сондай-ақ қытай тілі көптеген елдерде тарала бастады. Қытай жазуымен Қытайға көршілес Жапония, Корея секілді елдер пайдаланады. Қытай тілдің ерекшеліктерін зерттеудің тілдің алуан түрлі қасиеттерін саралап жіктеуде, сондай-ақ оның әдеби тілінің лексикасының молығуы мен грамматикасының кемелденуінде маңызы зор екендігі тіл білімінде дәлелденген. Қытай тілінің грамматикасы жайлы ғана емес, сонымен қатар, қытай тілінің сөздік қорында ерекше орын алатын тұрақты сөз тіркесіне жататы дағдылы сөздер жайлы еңбектердің де маңызы зор болатындығы сөзсіз. Қытай ғалымы Лу Фубо өз еңбегінде «қытай тіл грамматикасына мынадай анықтама берген: Қытай тілі грамматикасы тіл ғылымының бір бөлігі, тіл байлығының құрылымдық заңдылығы, әр грамматика тілді бейнелеу ғана ережесі емес, қайта көркем тіл байлығын грамматика арқылы реттеу. Әр тілде өзіне тән грамматикалық заңдылығы болады, грамматиканы жетік білгенде ғана сол тілді меңгере аламыз. Қытай тілі грамматикасы күрделі көрінгенімен, бірақ оны басқа тіл грамматикасымен салыстыра үйренуге болады. Жалпы алғанда, грамматиканы түсіндіру арқылы оны игеруге болмайды, қайта көптеген мысалдар келтіру арқылы бірте-бірте игеру керек» деп жазылған. Әрбір тілдің сөздік қоры лексикалық заңдылық бойынша жәй тіркестер және тұрақты тіркестер деп аталатын екіге бөлінеді. Мұндағы тұрақты тіркестер дегеніміз сан ғасырлық тілдік ақиқат барысында біртіндеп қалыптасқан дағдылы формаға, жүйелі қалыпқа түскен, бұзып-жаруға, өзгертуге келмейтін тіл бірлігі. Фаң Ұйчин өз еңбегінде «қытай тіліндегі дағдылы сөз тіркесіне былай деп анықтама берген: Сөз бен сөз тығыз ұштасып келуі, әрі ол уақыттық ерікке бірікпей, әрқашан да тұрақты формадағы тұтас тұлға ретінде қолданылады.

Кемінде үш сөздің тіркесуінен жасалған, мағынасы бір тұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік единица, әдетте, қытай тілінде – дағдылы сөздер деп аталады. Олардың қатарына, қытай тіліндегі -安乐窝 (Ānlèwō), 白骨精 (Báigǔjīng), 白日梦 (Báirì mèng), 半边天 (Bànbīantiān), 绊脚石 (Bànjiǎoshí), 保护伞 (Bǎohùsǎn), 抱佛脚 (Bàofójiǎo), 背黑锅 (Bēihēiguō), 闭门羹 (Bìméngēng), 变色龙 (Biànsèlóng) – тәрізді дағдылы сөздері енеді. Бұл дағдылы сөздердің әрқайсысы сөздердің бір-бірімен тіркесе жұмсалыуынан жасалғанмен, мағынасы жағынан бір тұтас, құрамы мен құрылымы жағынан тұрақты единица ретінде ұғынылады.

Қытай тіліндегі дағдылы сөздер мағына тұтастығымен сипатталады. Оның өзіне ғана тән, меншікті мағынасы бар және ол мағына дағдылы сөздерді құрастырушы сыңарлардың мағыналарына тәуелсіз, өздігінен өмір сүреді. Дағдылы сөздердің мағыналық тұтастығы, оның семантикасы құрастырушы сыңарлардың мағыналарының жиынтығына сәйкес келгенде де сақталынады. Басқаша айтқанда, мағыналық жақтан дағдылы сөздер бір бүтін, бір тұтас единица ретінде көрінеді де оның семантикасында құрастырушы сыңарлардың мағыналары ашық, айқын бейнеленгенде де, мағыналық бүтіндігі, тұтастығы бұзылмайды.

Қытай тілінің дағдылы сөздері барлық тілдік стильдерде және де әсіресе әдеби-көркем тілде кең қолданылады. Көптеген фразеологизмдер ежелгі заманда пайда болғанына қарамастан, бізге сол түрінде келіп жеткен. Кейбіреулері кейінірек қалыптасқан. Бірақ көнесі де, жаңасы да қоғамда өз орнын тауып, бәріне таныс және кең қолданыста. Дағдылы сөздер (қытай тілін тануында) қалыптасқан, біркелкі жүйе. Ол дербес қасиетке ие, өйткені дағдылы бір жағынан жеке сөздерден, екінші жағынан еркін сөз тіркестерінен айырмашылығы бар, сонымен бірге жалпыұлттық тілдің барынша күрделі жүйесіне кіреді, оның әр түрлі деңгейлерімен белгілі қатынастарға түседі. Дағдылы сөздерді құрайтын, мағына ажырататын қызмет атқаратын фонемалар, қытай тілінің фонематикалық деңгейімен байланыстырады. Дағдылы сөздер әр түрлі сөз таптарымен әрқалай қатынаста болады, оны олардың морфологиялық деңгейдегі жүйелік байланыстары сипаттайды. Сөйлемде белгілі қызмет атқара отырып, дағдылы сөздер басқа тіл бірліктерімен синтаксистік деңгейдегі жүйелік қатынастарға түседі. Лексикалық-грамматикалық сипаттамасы дағдылы сөздердің мазмұнын құрайды, оның сөйлемдегі синтаксистік қызметін айқындайды. Дағдылы сөздер грамматикалық қасиеттердің бар екенін оның сөйлемдегі басқа сөздермен байланысы мен қатынасынан көруге болады, бұл байланыстардың сөйлем құрамындағы басқа сөздер арасындағы қатынастардан еш айырмашылығы жоқ. Сөйлемдегі сөздерге дағдылы сөздер біртұтас бүтін ретінде қатысады. Дағдылы сөздері сөзге қосылуы мүмкін, сөзбен келісуі мүмкін, оны бағындыруы немесе оған бағынуы мүмкін. Лексикалық мәні мен грамматикалық категорияларына байланысты дағдылы сөздердің сөзбен ортақ қасиеттері бар. Дағдылы сөздер жүйе құрамында оларды өздеріне тән белгілеріне қарай біріктіру арқылы пайда болған әр түрлі дағдылы жіктелулер (парадигма) кездеседі. Жоғарыда айтылған дағдылы топтарынан өзге басқаларын қарастыратын болсақ, мысалы, лингвистикалық белгілері бойынша: бір мәнді және көп мәнді, омонимдік, синонимдік, антонимдік дағдылы сөздер. Стилистикалық ерекшеліктері бойынша дағдылы сөздер стилдік таңбаланған және бейтарап деп ажыратады. Дағдылы сөздердің синтагматикалық қатынастары олардың лексикалық бірліктердің белгілі бөлігімен тіркесімімен сипатталады. Кейбір дағдылы сөздер барынша шектеулі тіркестігімен ерекшеленеді. Сондай-ақ синтагматикалық байланыстарының көптімен ерекшеленетіндері де кездеседі. Өзінің дифференциалдық белгілеріне (лексикалық-семантикалық және грамматикалық) сәйкес, сондай-ақ сөйлеу тізбегіндегі әрекеті мен өмір сүру ерекшеліктеріне байланысты, дағдылы сөздер құрылымдық-семантикалық және функционалдық-стильдік деп бөлінеді. Бұл белгілі жүйе құру үшін және осы арқылы қытай тілінің бүкіл фразеологиялық бірліктерін оңай қарастыру үшін жасалады. Құрылымдық-семантикалық жіктеу – бұл топтастыру қытай тіліндегі фразеологиялық бірліктерді олардың құрылымдық-грамматикалық және лексикалық-семантикалық белгілері негізінде тиісті бөліктерге бөлу үшін қажет. Бұл жіктеу бойынша дағдылы сөздер екі құрылымдық топқа: дағдылы сөздер - сөз тіркестері және дағдылы сөздер - деп бөлінеді.

惯用语 [guànyòngyǔ] (қалыптасқан сөз тіркесі). 惯用语 是一种习用的固定的词组，既有三音节为主的固定格式，又有比较灵活的结构和强烈的修辞色彩。它通过比喻等方法而获得修辞转义。惯用语 [guànyòngyǔ] дегеніміз – қытай тіліндегі қалыптасқан сөз тіркестері. Бұл сөз тіркестерінің астарында 成语 [chéngyǔ] мақалдардар сияқты айтқандай бір аталы сөз жатыр дей алмаймыз. 惯用语 [guànyòngyǔ] - лердің көбісі 成语 [chéngyǔ] - лер сияқты сонау тарих қойнауына тамырын жайып үлгермеген. Яғни, шығу тарихы ілгеріде емес, беріде. Тіпті,

кейбіреуі осы заманғы оқиғалардың жемісі деуге де болады. Шынтуайтына келгенде, 惯用语[guànyòngyǔ]- лердің осы жаңадан шыққан кейбіреуін қытай қарияларынан гөрі, шетелдік жастар жақсырақ түсіне алады. Себебі, бұған қытай тілінің ұдайы дамып, жаңарып отырғандығы дәлел. 开夜车 [kāi yèchē] деген тұрақты сөз тіркесін мысал етіп қарастайық. Бұл 惯用语[guànyòngyǔ] қытай тілінде былай түсіндіріледі: 为了工作或学习的需要而熬夜, 连夜加班. Ал, қазақ тілінде: «түні бойы кірпік қақпай жұмыс істеу, не болсама, сабақ оқу». Осы берілген сөз тіркесін пайдаланып бір сөйлем құрап, мысал келтірелік. 为了考出个好成绩, 他们一连好几天~复习. Бұл сөйлемнің аудармасы: «емтихан тапсыруда жақсы жетістік көрсету үшін, олар бірнеше күн бас көтермей дайындалды.» [26; 27]

Қытай тілінің дағдылы сөздерін зерттеу барысында 马国藩 (Mǎguófān)- ның классификациясына сүйенеміз. 马国藩 (Mǎguófān)- дағдылы сөздерді зерттеу барысында дағдылы сөздердің еркін сөз тіркесінен бес түрлі айырмашылығы бар деп жазады. Бірінші айырмашылығы- еркін сөз тіркесі сөйлеу кезінде, қолданылу уақытында кем дегенде екі сөздің грамматикалық жағынан тіркесіп, мағынасы жағынан өзара үйлесіп, айтылуы жағынан соларға ұқсас басқа сөздермен айырбастауға, орын ауыстыруға келетін сөз тіркесі болып табылады. Ал дағдылы сөздер болса, олар да кем дегенде үш сөздің тіркесуінен жасалады, бірақ олардың құрамы тұрақты болады. Яғни сөздердің орнын айырбастауға, олардың орнын ауыстыруға келмейді.

Екінші айырмашылығы – дағдылы сөздердің мағына тұтастығында. Дағдылы сөздердің мағыналық тұтастығы құрамындағы сөздердің жеке мағыналары тәуелсіз болып келеді. Фразеологиялық мағына – құрамындағы сөздердің немесе жеке бір сыңарының лексикалық мағыналарының қайта жаңғыртылған жинақты мағынасы. Сондықтан да қытай тілінде дағдылы сөздер семантикалық жағынан біртұтас тіл бірлігі бола алады. Дағдылы сөздер құрамындағы сөздердің лексикалық мағыналары анық байқалғанның өзінде де, дағдылы сөздердің мағыналары семантикалық біртұтастығын сақтайды.

Үшінші ерекшелігі – дағдылы сөздердің қолданылу тиянақтылығы. Жоғарыда айтылған дағдылы сөздердің мағына тұтастығы мен құрылымының тұрақтылығы сақталған жағдайда, дағдылы сөздер дайын тұрақты тіркес сипатына ие болады.

Сол бойынша дағдылы сөздер еркін сөз тіркестерінен ерекшеленеді. Еркін сөз тіркестері дағдылы сөздерге қарама-қайшы сөйлеу уақытында, қарым-қатынас жасау үстінде өзара үйлесіп, еркін тіркесуі арқылы жасалады. Еркін сөз тіркестері дағдылы сөздер сияқты қайта жаңғыртылып қолданылатын мағыналар емес, олардың мағына құрамындағы сөздер лексикалық мағынаға тәуелді болады.

Төртінші ерекшелігі – дағдылы сөздердің барлығында мәнерлілік, айқындық, астарлық, бейнелік қасиет бар. Осы айтылған қасиеттер фразеологизмдердің стилистикалық мәнін аттырады.

Бесінші айырмашылығы – қытай тілінің дағдылы сөздері бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударуға көнбейді [4;5;6].

Ал еркін сөз тіркестері болса, әдетте, бір тілден басқа тілге сөзбе-сөз аударуға келеді.

Қытай тіліндегі дағдылы сөздер мен еркін сөз тіркестері айырмашылықтарымен ғана ерекшеленбейді, олардың жақын ұқсастықтары да бар. Дағдылы сөздердің құрамы мен құрылымы сөйлемге ұқсас формальды еркін сөз тіркестерінен құралады. Содан шығатын тұжырым бойынша, еркін сөз тіркестері дағдылы сөздерді жасайтын материал, құрал болып табылады.

Дағдылы сөздер сөзбен де тығыз жақын. Олардың ұқсастығы: атқаратын қызметтері мен білдіретін мағыналарында. Олардың жақындығы көбінесе екі жағдайда байқалады.

Біріншісі - тілдегі әрбір сөз лексикалық бірлік ретінде жеке-дара бір ұғымды білдіріп, дербес дайын мағынаға ие. Белгілі бір заттың, құбылыстың, қимылдың дайын атауы қолданылып келе жатыр.

Екіншісі – қытай тілінде сөз де, дағдылы сөздер де түптеп келгенде лексикалық бірлік

ретінде бір ұғымды білдіреді.

Осы жоғарыда аталған екі қасиет сөз бен дағдылы сөздерді бір-бірімен жақындастырады.

Қытай тілінің дағдылы сөздерің еркін сөз тіркесімен, сөзбен арақатынасын қарастырдық, ендігі кезекте біз дағдылы сөздер мен сөйлемдер арақатынасын талдап өтейік. Дағдылы сөздер мен сөйлем арасында лексикалық ұқсастық бар. Себебі дағдылы сөздер де жай және құрмалас сөйлем құрылымдары да кездеседі.

Ал айырмашылығына келетін болсақ, дағдылы сөздермен сөйлем лексикалық - семантикалық және синтаксистік қызмет атқару жағынан ерекшеленеді. Сөйлемнің негізгі атқаратын қызметі- коммуникативтілік. Ал, дағдылы сөздер білдіретін ұғымды астарлай, мәнерлей, тұспалдай, бейнелей отыра, лексикалық-семантикалық бірлік болып табылады.

Қазіргі уақыта қытай тілінің дағдылы сөздері жиі қолданылуда және қарқынды даму барысында. Айтылған сздің өзінен-ақ фразеологизмдер өте қиын, өте қызықты ғылым екендігін түсінуге болады. Сондықтан да бұл жасалып отырған зерттеуіміз қытай тілінің дағдылы сөздерінің ерекшеліктері мен салыстырмасын баяндаудағы ең кіші бөліктерінің бірі ғана болып табылатындығын ескергеніміз жөн. Дағдылы сөздердің сикырлы сырын ашу үшін, олардың мәселесін шешу үшін, оларды тереңдеп түсіну үшін әлі талай-талай зерттеу жасау қажет екендігі баршамызға мәлім. Дегенмен де, қытай тіліндегі дағылы сөздердің жалпы мағынасын және дағдылы сөздердің құрылымдық ерекшеліктерін, оқырманға жалпы ортақ бір мәлімет қалыптастырғаным сенемін.

Қолданылған әдебиет

1. «Джүңгуо да бай кэ чуан шу, үй ян вен цзы» (Қытайдың үлкен энциклопедиясы, тіл және жазу білімі). – Пекин: Қытай энциклопедиясының баспаханасы, 1998ж.
2. Мәсімхан Д., Әбиденқызы А. «Қытай филологиясына кіріспе»: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002 ж.
3. Ма Гуо Фан «Yanyu – Xiehouyu – Guanyongyu» (Мақал – астарлы сөз – қалыптасқан тіркестер). –Ляонин, 1961ж.

ОӘЖ 796.855(091)

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «КУНГ-ФУ» ЖАУЫНГЕРЛІК ӨНЕРІ

Ажгалиева Азиза Бауржановна

esenova95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Халықаралық Қатынастар
Факультетінің 2-курс студенті, Астана қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Мансүр Шолпан

Қытай Халық Республикасы - Азия құрлығында орналасқан, халықаралық аренада саяси, экономикалық, сонымен қатар мәдени беделі бар алпауыт мемлекеттердің бірі. ҚХР көршілес елдермен сан алуан сала бойынша ынтымақтастып, өзара дамып, мәдениет алмасады. Қытайдың сан ғасырларға созылған мәдениеті Тибетке, Монғолияға, Үндіқытайға, Корея мен Жапонияға да өз әсерін тигізді.Қытай халқының мәдениеті туралы сөз қозғағанда, ойымызға фэншуй, Жаңа жыл мерекесі, қытайлық ұлттық тағамдар, каллиграфия мен жауынгерлік өнері келеді.

Қытай жауынгерлік өнерінің ерекшелігі - қарсылас жақтардың тек физикалық күшке емес, рухани күшке негізделіп әрекет етуі. Қытай жауынгерлік өнерін Батыста кунг-фу/гун-фу деген атпен ассоциациялайды. *Гун-фу сөзін* қытай тілінен аударғанда, «гун» (功) *сөзі*«шеберлік», «ынталы еңбек», «күш, билік», «жетістік, нәтиже» деген мағынаны, ал «фу» (夫)*сөзі*«адам» деген мағынаны береді.[1.25]

Қытай жазбаларында«кунг-фу» *термині* XX ғасырдың өзіне дейін «қытайлық